

Астана қаласы әкімдігінің
“№112 жалпы орта білім беретін мектеп” КММ-нің
2025-2026 оқу жылының
Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2-отырысының
хаттамасы

29.10.2025ж

Өткізілген орны: Инклюзия 102 кабинеті

Қатысқандар:

Мектеп директоры- К.К.Жумаханов

ДОЖО - Баимбетова Ш.Т, Дауей М.И

Әлеуметтік педагог - Кулжабекова С.О

Медбике – Кабдолова Б.Д

Пед-ассистенттер - Айтжанова С.Т, Рамазанова Ж.Ж, Макатова С.Е, Ашанов С.Т, Кенжебекова Г.О, Бигаримов М, Жұмабек А.Ғ, Тошқов Т.

Педагог-психолог: Акбергенова А.Е, Әуезбекова А.Р

Сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. Бірінші тоқсан бойынша ерекше білім беру қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау;
2. Екінші тоқсанға бейімделген (арнайы) жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын оқушыларға KUNDELİK.KZ электронды журналға журнал қойындысын ашу;

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** бойынша мектептің арнайы педагогы (пед-ассистент) Айтжанова С.Т білім алушылардың негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін қарастырды. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері де білім алушыларға педагогикалық мінездеме берді.

9 «Ә» сынып оқушысы Нұрай 1-ші тоқсанда пәндер бойынша оқу бағдарламасы бейімделіп оқытылды. Білім алушыда едәуір динамика байқалады. Тілдік пәндердің оқу бағдарламасын меңгеріп отыр. Пед-ассистент көмегімен 16.09-20.10 күндер аралығында мектепте қажет болды. Рамазанова Ж.Ж тағайындалып міндетін атқарып жүрді. 21.10.25 ж ПМПК қорытындысы негізінен Нұрайға пед-ассистент көмегісіз мектепте жалпы оқу бағдарламасын білім алуға шешім шығарылған. Пед-ассистент алып тасталынды.

3 «Д» сынып оқушысы Махмұд Нұржамал 01.10.25 күні жаңадан мектепке үйден жеке оқыту бойынша арнайы бағдарламен білім алуы қажет ететін оқушы келді. Сынып жетекші мен пән мұғалімдері тағайындалып, сабақ кестесі құрылып, оқушының үйіне кесте бойынша уақытылы мұғалімдер сабақтарын өтті. 1 айда оқу пәндері бойынша оқу бағдарламалары бейімделді. Арнайы педагогтар тарапынан алдыңғы сыныптар бойынша білім алуға олқылықтармен жұмыс жасалды. Білім алушыда жағымды динамика байқалады.

Жеке оқу бағдарламалары бойынша:

1 «И» сынып оқушысы Арнур Абдрахман - Математика пәні бойынша білім алушыда жағымды динамика байқалады. 10 көлемінде тура санай алады, кері санай алмайды. 10 көлеміндегі сандарды таниды, жазады. Бір таңбалы сандардың құрамын біледі. Арифметикалық амалдарды (қосу мен азайту) ажырата алады. Білім алушы оқулықтар мен жұмыс дәптерлеріндегі тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды.

1 «Г» сынып оқушысы – Шарапатов Абылай - Арнайы педагог тарапынан алдыңғы сыныптар бойынша білім алуға олқылықтармен жұмыс жасалды.

2 «А» сынып оқушысы – Муратбек Аликемел - Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндері бойынша әріптерді таниды, ашық, тұйық буындарды оқи алады. Әріптерді баспа түрінде жазады. 2-3 сөйлемнен құралған мәтіндерді түсінеді. Мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

2 «И» сынып оқушысы Жанатбеков Алим - Арнайы педагог тарапынан алдыңғы сыныптар бойынша білім алуға олқылықтармен жұмыс жасалды. Білім алушыда жағымды динамика байқалады. Математика пәні бойынша жүздіктерді атайды, таниды. Екітаңбалы сандармен жазбаша түрде көбейту және бөлу амалдарын орындай алады.

3 «З» сынып оқушысы Усманов Алдияр – Білім алушыда жағымды динамика байқалады. Математика пәні бойынша жүздіктерді атайды, таниды. Екітаңбалы сандармен жазбаша түрде көбейту және бөлу амалдарын орындай алады.

7 «З» сынып оқушысы Сексенбай Усман – негізгі пәндер бойынша бағалары қорытылып, пән мұғалімдері жеке бағдарламамен жұмыс жоспары бойынша сабақтары жүргізіліп, арнайы педагогтар да жұмыс жасады.

7 «И» сынып оқушысы Сексенбай Ілияс - негізгі пәндер бойынша бағалары қорытылып, пән мұғалімдері жеке бағдарламамен жұмыс жоспары бойынша сабақтары жүргізіліп, арнайы педагогтар да жұмыс жасады.

Екінші мәселе бойынша ППКҚ төрайымы Дауей М.И ақпарат берді. Мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ПМПК қорытындылары мен ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдармен таныстырды. 2025-2026 оқу жылында мектебімізде 11 (ЕББҚ 7 бала, үйден жеке оқыту 4 бала) білім алушы жеке оқу бағдарламасымен,

Жеке оқу бағдарламасы ұсынынылған білім алушылар:

№	Оқушының аты-жөні	сыныбы	сынып жетекшісі	бағдарлама	ЕББҚ/ үйден оқыту	ВКК/ПМПК
1	Арнур Абдрахман	1 «И»	Карибаева А.К	жеке оқыту	ЕББҚ	№ 77251
2	Шараптов Абылай	1 «Г»	Хұсайын Г.Д	жеке оқыту	ЕББҚ	№65194
3	Мұратбек Аликемел	2 «А»	Ауезбаева М.Е	жеке оқыту	ЕББҚ	№35382
4	Жанатбеков Алим	2 «И»	Оспан К.А	жеке оқыту	ЕББҚ	№ 5198
5	Успанов Алдияр	3 «З»	Жусупалина А.Т	жеке оқыту	ЕББҚ	№53984
6	Сексенбай Ілияс	7 «И»	Рамазанова Ж.Ж	жеке оқыту	ЕББҚ	№ 78530
7	Сексенбай Усман	7 «З»	Нурушева А.Т	жеке оқыту	ЕББҚ	№ 78532

Тізімдегі оқушылар 2 тоқсаннан бастап бейімделген (арнайы) жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын оқушыларға KUNDELİK.KZ электронды журналға ПМПК қорытындысы негізіне сүйеніп журнал қойындысын қойылады. Арнайы бағдарлама бойынша 5 баллдық жүйемен бағаланады.

Ұсыныс:

1. Ерекше білім беру қажет ететін білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бақылау;
2. Екінші тоқсанда бейімделген (арнайы) жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын оқушыларға KUNDELİK.KZ электронды журналға ПМПК қорытындысы негізіне сүйеніп журнал қойындысын қою.

Шешім:

1. Ерекше білім беру қажет ететін білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі бақылауға алынсын;
2. Екінші тоқсанға бейімделген (арнайы) жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын оқушыларға KUNDELİK.KZ электронды журналға ПМПК қорытындысы негізіне сүйеніп журнал қойындысын ашып, жүзеге асырылсын.

ДОҒЖО:  Дауей М.И